



## ҚАРУЛЫ КҮШТЕР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ТУДА ДАМУ ТУДА ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысына қорғаныс ведомствосының биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықаралық оқу-жаттығу жиындарының нәтижелері, жауынгерлік дайындыққа жана әдістер енгізу жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ қарулы күштердің жауынгерлік және жұмылдыру

әзірлігіне қатысты бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу барысы жайында айтылды. Заманауи қару-жарақпен және әскери техникалармен қамтамасыз ету, қорғаныс инфрақұрылымын дамыту, әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Руслан Жақсылықов әскери қызметшілер мен зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдауды арттыру шаралары туралы айтты.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

## ЖАҢА ЗАҢ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ



3  
БЕТ

## ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ



6  
БЕТ

## Саладағы реформа – сапа кепілі



Мемлекеттік қызмет саласында кезекті реформа жүргізілмек. Өйткені салада қордаланған мәселелер бар екені анықталды. Сондықтан Қазақстан Кеңес Одағынан мұраға алып, отыз жылдан астам қолданған мансаптық өсудің сатылас-вертикаль моделінен бас тартып, деңгейлес-горизонталь немесе гибриді модельне көшуі мүмкін.

### ҚАЗАҚСТАН ШЕНЕУНІКТЕР ЕЛІ МЕ?

Кейде блогерлер, қоғам белсенділері, тіпті сарапшылар билікті мұқату үшін «Қазақстан – шенеуніктер елі» деп бағалап жатады. Бұл қаншалықты шындық? 20,1 миллионнан астам тұрғыны бар республикада 240 адамға 1 шенеунік келеді екен. Бұл аз ба, көп пе? 340 миллиондай адам тұратын АҚШ-та штаттарды қоспағанда, тек федералдық шенеуніктердің саны 2 млн 713,2 мың (125 тұрғынға 1 шенеунік). Халқы 84,7 миллионға жеткен Германияда мемлекеттік қызмет секторында жұмыс істейтіндер саны – шамамен 5 миллион (әрбір 17 адамға бір шендіден). Азамат-

тарының саны 125 миллионға жуықтаған Жапонияда орталық және жергілікті мемлекеттік қызметшілер саны 3 миллион 330 мың (әрбір 37 азаматына шаққанда 1 шенеунік).

Яғни, Қазақстан бұл жөнінен бүкіл әлемде бәрінен озып кеткен жоқ, кейінде те қалмады, орташа деңгейде. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің дерегінше, 2024 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша елімізде мемлекеттік қызметшілердің 90 583 штаттық бірлігі бар. Соның ішінде басым көпшілігі немесе 89 830-ы – әкімшілік мемқызметші. Тек 753-і ғана – ірі бастықтар, яғни саяси қызметшілер.

(Жалғасы 4-бетте)

## PARIS 2024: ЖЕТІ МЕДАЛЬ БҰЙЫРҒАН АЛАМАН

Париж қаласында отыз үшінші жазғы Олимпиада ойындары мәресіне жетті. Салтанатты шара «Стад де Франс» стадионында өтті. 26 шілдеде басталып, 11 тамызға дейін жалғасқан дүбірлі доданы Қазақстан құрамасы 7 медальмен аяқтады. Біздің біршама спортшымыз жүлдеге қолсозым жерден тоқтады.

8 >>



Жамбыл облысы – қай кезде де өндірісімен танылған өлке. Сондай-ақ аймақ ауыл шаруашылығы саласында алшаң бастырып, толайым табыстарға жетуде. Оған дәлел, 2019 жылы Мемлекет басшысының тікелей қолдауының арқасында «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын арттыру» пилоттық жобасына жан бітіп, шаруалар баянды бастаманың шаарапатын көрді. Жобаның бүгінгі бағыты қандай? Сынақ ретінде сүзгіге түскен тың жоба өз өміршеңдігін дәлелдей алды ма?



## АУЫЛ ТЫНЫСЫН АШҚАН ЖОБА

(Жалғасы 2-бетте)













